

Швейцарияның кредиті туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1996 жылғы 29 қазан N 1305

Швейцария Үкіметінің кредиттік кепілдіктері швейцар тауарлары мен қызмет көрсетулерінің берілімін қамтамасыз ететін жағдайда өзінің қаржылық қолдау бағдарламасы шеңберінде ұсынған қаражатты тиімді пайдалану мақсатында, сондай-ақ "Қазақстан Республикасы мемлекеттік Экспорт-импорт банкінің мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 31 тамыздағы N 1208 P951208_ қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы мемлекеттік Экспорт-импорт банкінің жарғысына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі Қаулы Етеді:

1. Қазақстан Республикасының мемлекеттік Экспорт-импорт банкіне Қазақстан Республикасы Үкіметінің атынан және оның тапсыруымен швейцар кредит желісі шеңберінде кепілші болуға және заем алуға уәкілеттік берілсін.

2. Қазақстан Республикасының мемлекеттік Экспорт-импорт банкі жобаларды (өзінің ішкі тәртібіне сәйкес) іріктеп алып, оларға банктік сараптама жүргізісін, оларды қаржыландыру үшін қабылдап алсын, тиісті кредиттік келісімдер жасасын және әрбір бөлек жобаны төлеуге арналған жеке кепілдік шығарсын. Төлеуге арналған жеке кепілдіктерде олардың

осы қаулыға сәйкес шығарылғанның айғақтамасы болуы тиіс.

3. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі осы қаулыны жүзеге асыру мақсатында Қазақстан Республикасының мемлекеттік Экспорт-импорт банкімен тиісті келісім жасасын.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК